

**Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-229/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 желтоқсанда № 21728 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 29) тармақшасына, "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы сәйкес" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармақта 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 14.07.2025 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды;

3. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № ҚР ДСМ-59 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізімінде 2019 жылғы 6

мамырда № 18629 болып тіркелген, 2019 жылғы 15 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*А. Цой*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2020 жылғы 3 желтоқсаны  
№ ҚР ДСМ-229/2020  
бұйрығымен бекітілген

## **Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жүргізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 9-бабының 29) тармақшасына және "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 14.07.2025 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) қауіпті факторларды талдау жүйесі және бақылаудың сындарлы нүктелері (бұдан әрі – ХАССП) – бақылаудың сындарлы нүктелерінде тұрақты бақылауды орнату кезінде, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі үшін сындарлы болып табылатын әлеуетті тәуекелдерді анықтау және бағалау арқылы барлық азық-түлік тізбегі бойынша өнімнің қауіпсіздігіне әсер ететін қауіпті факторларды жүйелі сәйкестендіру, бағалау және басқару (НАССР ағылшын транскрипциясында – Hazard Analysis and Critical Control Points);

2) өнімді бақылау мақсатында сатып алу – бақылау және қадағалау органының тауар нысанындағы өнімді бақылау шеңберінде сатып алуды жүзеге асыруы;

3) өтініш беруші – өнімді Тізілімнен шығару мақсатында өнім туралы мәліметті және материалдарды ұсынатын өнімнің импорттаушы-өндірушінің жеке, заңды тұлғалары;

4) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген талаптардың сақталуын бақылау мен қадағалауды іске асыратын мемлекеттік орган;

5) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізбесі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 14.07.2025 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Электрондық түрдегі өнім тізбесін көрсете отырып, өнімді бақылау мақсатында сатып алу және өнімнің санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасы бойынша есепті аумақтық бөлімшелер қалыптастырады және осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ай сайын, айдың 5-ші күніне мемлекеттік органға жібереді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 14.07.2025 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері ұсынылатын мәліметтердің уақтылығын, толықтығын және анықтығын қамтамасыз етеді.

## **2-тарау. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жүргізу тәртібі**

5. Тізілімді мемлекеттік орган қалыптастырады және жүргізеді.

6. Тізілімді жүргізу өнімді бақылау мақсатында сатып алу жүргізу кезінде анықталған, халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін тәуекел тудыратын сәйкес келмейтін өнімдердің тізбесін мемлекеттік органның интернет-ресурсында ай сайын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 14.07.2025 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Тізілімді жүргізу қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

8. Тізілімде қамтылған мәліметтер ашық және жалпыға қолжетімді болып табылады.

9. Өнімді Тізілімге енгізу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайларда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы өнімді бақылау мақсатында сатып алу және өнімнің санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасы нәтижелері;

2) халықаралық ұйымдардан, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден немесе үшінші елдерден техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың (бақылаудың) бақылауындағы өнімнің анықталғаны туралы ақпаратты растайтын өнімді бақылау мақсатында сатып алу және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 14.07.2025 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Тізілім өнім туралы жариялануға жататын мынадай мәліметтерді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға кодтауға сәйкес өнім түрлері мен өнімнің штрих коды;

2) өнімнің атауын;

3) өнімдерді дайындаушының атауын және орналасқан жерін немесе өнімдерді дайындаушының тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса) және орналасқан жерін немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның атауын және орналасқан жерін, импорттаушы ұйымның атауын және орналасқан жерін немесе импорттаушы-дайындаушының тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса) және орналасқан жерін;

4) өндіруші елді;

5) үлгілерді алу орнын (нысанның атауы, мекенжайы);

6) дайындалған күнін, жарамдылық мерзімін, сақтау шарттарын;

7) партиясын немесе серия нөмірін;

8) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша зерттеулердің хаттамасын;

9) қауіпсіздік және сапа көрсеткіштерінің анықталған бұзушылықтарын (олардың нақты мәні және рұқсат етілген нормаларын қамтиды).

11. Тізілім оларға қол жеткізу тек мемлекеттік органға берілетін өнім туралы жариялануға жатпайтын мынадай мәліметтерді:

1) қабылданған шаралар бойынша ақпаратты;

2) өнімнің сәйкестігін растайтын құжаттар бойынша ақпаратты қамтиды.

12. Тізілімде жарияланған мәліметтер Тізілімде көрсетілген серияның (партияның) өніміне және дайындалған күніне ғана күші бар және қолданылады.

13. Кодекстің 95-бабына сәйкес өндірушілердің қауіпсіз және сапалы өнімді айналымға шығаруға кепілдік беретін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауын растайтын мәліметтер, ХАССП қағидаттарына негізделген рәсімді енгізу туралы мәліметтер және өтініш беруші аумақтық бөлімшеге ұсынған зертханалық бақылау нәтижелері мемлекеттік органның шешімі негізінде осындай факт анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Тізілімнен алып тасталуға жатады.

Өтініш беру, оны қабылдау және өтініш беруші аумақтық бөлімшеге ұсынған өтінішті қарау мерзімдері Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексінде белгіленген тәртіппен қаралады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 14.07.2025 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Халықтың санитариялық-  
эпидемиологиялық  
саламаттылығы саласындағы  
нормативтік құқықтық  
актілердің талаптарына сәйкес  
келмейтін өнімнің тізілімін  
жүргізу қағидаларына  
I-қосымша

## Өнімнің коды

№	Өнімнің коды	Код бойынша тауы
1	00	Халық тұтынатын өзге де азық-түлік емес тауарлар
2	01	Алкогольді, алкогольсіз сусындар, шырындар, ыдыстарға құйылған ауыз су
3	02	Ет және ет өнімдері
4	03	Құс еті және құс өнімдері
5	04	Балық және балық өнімдері
6	05	Сүт және сүт өнімдері
7	06	Жеміс-көкөніс өнімдері және көкөністер мен жемістерді қайта өңдеу өнімдері
8	07	Ұн және жарма өнімдері
9	08	Май өнімдері
10	09	Кондитерлік және нан-тоқаш өнімдері



Жинау әдісі: электронды түрде

**Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімі**

Тармақ №	Өнімдердің түрі		Өнімдердің атауы	Өндіруші			өндіруші (Партия немесе серия нөмірі, дайындалған күні, жарамдылық мерзімі)	Үлгілерді іріктеу орны (объектінің атауы, мекенжайы)
	өнімдердің коды/штрих коды	код бойынша атауы		елдің коды (Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес ҚР ҰК ISO 3166-1-2016 "Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерінің ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Ел кодтары")	өндіруші (таңбалау, бұзушылық сипаты (сараптама хаттамасы № күні)	елдің атауы		

**Жалғасы**

Бұзушылықтардың түрлері							
микробиологиялық көрсеткіштер, нақты мәні және нормативтік құжаттама бойынша рұқсат етілетін нормалар (сараптама хаттамасы №, күні)	физикалық-химиялық, нақты мәні және нормативтік құжаттама бойынша рұқсат етілген нормалар (сараптама хаттамасы №, күні)	қауіпсіздік көрсеткіштері, нақты мәні және нормативтік құжаттама бойынша рұқсат етілген нормалар (сараптама хаттамасы №, күні)	таңбалау, бұзушылық сипаты (сараптама хаттамасы № күні)	жалған өнім			

**Жалғасы**

Қолданылған шаралар										
нұсқама берілді (№, күні, кімге жіберілді)	сауда объектісі				өнім беруші					
	тексеру актісі, күні, нөмірі,	шаралар (айыппұл, бабы, айып сатылы мнан алынған	оның ішінде өнім берушіге	оның ішінде өнім жойылды, жою	тексеру актісі, №, күні, анықтал	шаралар (айыппұл, бабы, айып	сатылы мнан алынғаны, барлығы	оның ішінде өнім берушіге немесе өндірушіге	оның ішінде өнім жойылды, жою	

і, соның мекенжайына)	бұзушылықты анықтау	пұл сомасы, кімге)	ы, барлығы	қайтарылғаны (килограмм, литр)	тәсілі (саны, килограмм, литр)	ған бұзушылықтар	пұл сомасы, кімге)	(килограмм, литр)	қайтарылғаны (саны, килограмм, литр)	тәсілі (саны, килограмм, литр)
-----------------------	---------------------	--------------------	------------	--------------------------------	--------------------------------	------------------	--------------------	-------------------	--------------------------------------	--------------------------------

### Жалғасы

Қолданылған шаралар				Өнімнің сәйкестігін растайтын құжаттың атауы		Өнімнің (тауардың) өнім берушісі (атауы, мекенжайы)
сот шешімі						
Материал сотқа жіберілді	қаралуда	қанағаттандырылғаны (әкімшілік шара, қаулы)	(бас тартылғаны	нөмірі	атауы, берілген күні, қолданылу мерзімі, кім берген	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімі" Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанға қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімі" (нысанның индексі: 01 - ИРПК және кезеңділігі: ай сайын, жыл бойынша өсу қорытындысымен)**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін



өнімдердің тізілімі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарда айқындайды.

2. Нысанды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық бөлімшелері толтырады.

3. Нысан ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 - не ұсынылады.

4. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға оның тегі мен аты - жөні, сондай-ақ толтырылған күні көрсетіле отырып қол қояды.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) дайындалған (өндірілген) күні – өнімді дайындаудың (өндірудің) технологиялық процесінің аяқталғаны туралы ақпарат беретін, дайындаушы белгілейтін күн;

2) жарамдылық мерзімі – мерзімі өткеннен кейін өнім мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз болып саналатын уақыт кезеңі;

3) таңбалау – тұтынушыға арналған ақпаратты жеткізетін және өнімге, құжаттарға, жаднамаларға (қосымша парақтар, ақпараттық парақтар), затбелгілерге, заттаңбаларға, қаптамаға (ыдысқа) жазылған мәтін, тауарлық белгілер, шарттық белгі және суреттер.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсінідірме**

1) 1-бағанда "№" реттік нөмірі бойынша толтырылады;

2) 2-бағанда ҚР ҰК 04-2008 экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімнің ұлттық жіктеуішіне сәйкес өнім түрі көрсетіледі;

3) 3-бағанда өнімдердің атауы көрсетіледі;

4) 4-бағанда өндіруші көрсетіледі;

5) 5-бағанда партия немесе серия нөмірі, дайындалған күні, жарамдылық мерзімі көрсетіледі;

6) 6-бағанда үлгілерді іріктеу орны (объектінің атауы, мекенжайы) көрсетіледі;

7) 7-бағанда бұзушылықтардың түрлері көрсетіледі;

8) 8-бағанда қолданылған шаралар көрсетіледі;

9) 9-бағанда өнімнің (тауардың) сәйкестігін растайтын құжаттың атауы көрсетіледі;

10) 10-бағанда өнімнің (тауардың) өнім берушісі (атауы, мекенжайы) көрсетіледі.